



«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

2018 жылғы 31 наурызда аяқталған 3 айға



Төмендегі құжаттың міндеті Топтың операциялық және қаржылық қызметі нәтижелеріндегі үрдістер мен маңызды өзгерістерді ұғынуға және бағалауға көмектесу болып табылады. Бұл шолу аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілікке негізделген және оны аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілікпен және ілеспе ескертулерімен бірге қараған жөн. Барлық қаржы деректері мен олардың талқылануы Қаржылық Есептіліктің Халықаралық Стандарттарына («ҚЕХС») сәйкес дайындалған, аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілікке негізделеді.

Бұл есептегі «ҚМГ», «Компания», «Топ» терминдері, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы АҚ-ты, оның еншілес ұйымдары мен пропорционал шоғырландырылғандарын білдіреді. «Бірлескен кәсіпорын» термині үлестік қатысу әдісі бойынша көрсетілетін қоғамды білдіреді. Топтың есепке алу саясатына сәйкес, бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компанияларға жұмсалатын инвестиция үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынады, сондықтан әр жолға шоғырландырылмайды (үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын кәсіпорындар).

Ұсынылып отырған мұнай және газ қоры өзгесі көрсетілмесе, қауымдастырылған және бірлескен кәсіпорындардың пропорционал үлесін және еншілес ұйымдар қорының 100% үлесін қамтиды.

Өндірілген мұнай тоннасы Топтың әр кен орындарындағы мұнайдың тығыздығын ескеретін коэффициенттерді қолдану арқылы баррельмен қайта есептеледі.

Теңгемен берілген барлық сомалар, ерекше айтылған жағдайларды қоспағанда, миллиардпен көрсетілген. Цифрлар дөңгелетілген, дегенмен салыстырмалы көрсеткіштер дөңгелетуге дейінгі нақты көрсеткіштерді қолдана отырып есептелген.

МАЗМҰНЫ

1.	ЖАЛПЫ АҚПАРАТ	ОШИБКА! ЗАКЛАДКА НЕ ОПРЕДЕЛЕНА.
2.	НЕГІЗГІ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАР	5
2.1.	Мұнайға және мұнай өнімдеріне арналған нарықтық бағалардың өзгеруі	Ошибка! Закладка не определена.
2.2.	Шетел валютасы айырбас бағамының өзгеруі	6
2.3.	Мұнай және газ тасымалдарына арналған тарифтер	Ошибка! Закладка не определена.
2.4.	Өңдеуге арналған тарифтер	7
2.5.	Салық салу	Ошибка! Закладка не определена.
3.	ТОПТЫҢ ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕРІ	9
3.1.	Мұнай және конденсат өндіру	Ошибка! Закладка не определена.
3.2.	Газ өндіру	10
3.3.	Магистральдық құбыр желісімен мұнай тасымалдау	Ошибка! Закладка не определена.
3.4.	Мұнайды теңіз флотымен тасымалдау	Ошибка! Закладка не определена.
3.5.	Газ тасымалдау	Ошибка! Закладка не определена.
3.6.	Көмірсутекті шикізатты қайта өңдеу	Ошибка! Закладка не определена.
3.7.	Мұнай мен газды сату	Ошибка! Закладка не определена.
4.	ТОПТЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ	14
4.1.	Кірістер	Ошибка! Закладка не определена.
4.2.	Шығыстар	Ошибка! Закладка не определена.
4.3.	Өтімділік және күрделі қаржы шығыстары	18

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«КазМұнайГаз» ҰК АҚ–мұнай мен газды геологиялық барлау, сондай-ақ мұнай, газ және мұнай өнімдерін Қазақстанда және оның шегінен тыс тасымалдау, өңдеу, өткізуге және оның маркетингі жөніндегі қызметті жүзеге асыратын тігінен біріктірілген компания.

«КазМұнайГаз» ҰК АҚ Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 ақпандағы № 811 Жарлығы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 ақпандағы № 248 қаулысы негізінде құрылған Қазақстан Республикасының мемлекеттік мұнай-газ кәсіпорны болып табылады. «КазМұнайГаз» ҰК АҚ «Қазақойл» ұлттық мұнай-газ компаниясы мен «Мұнай және газ тасымалдау» ұлттық компаниясы ЖАҚ біріктіру нәтижесінде қалыптасқан. Біріктіру нәтижесінде осы компаниялар ие болған барлық кәсіпорындардағы қатысу үлестерін қоса алғанда, барлық активтер мен міндеттемелер «КазМұнайГаз» ҰК АҚ-қа берілді.

ҚМГ акционерлері «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ (меншік үлесі акциялардың 90%) мен Қазақстанның Ұлттық банкі (меншік үлесі акциялардың 10%) болып табылады. Топ құрамына (компаниялар тобы) 220 компания кіреді. Топ мұнай және газ конденсатын өндіру бойынша Қазақстан Республикасы нарығының ширектен астам бөлігін, сондай-ақ еліміздегі мұнай өңдеу, мұнай мен газды құбыр желісі арқылы тасымалдауда да үстем позицияны алып отыр.

Бүгінгі күні Топтың (компаниялар тобы) ірі компаниялары мыналар болып табылады:

- «КазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ (мұнай мен газды өндіру және барлау)
- «КазТрансОйл» АҚ (мұнай тасымалдау)
- «КазТрансГаз» АҚ (газ тасымалдау және сату)
- «КазМұнайТеңіз» АҚ (теңіз мұнай операциялары)
- «Атыраумұнай өңдеу зауыты» ЖШС (мұнай өңдеу)
- «Павлодармұнай-химия зауыты» (мұнай өңдеу)
- KMG International N.V. (Румыниядағы және Қара теңіз және Жерорта теңізі бассейндері елдерінде мұнай өңдеу, мұнай және мұнай өнімдері маркетингі).

Қазақстан әлемде мұнай және газ конденсатының расталған қоры бойынша 12-ші орын, табиғи газ қоры бойынша 22-ші орын және мұнай және газ өндіру бойынша 17-ші орын алып отыр.

Топ (компаниялар тобы) добывает от общего объема добычи нефти и газоконденсата в Қазақстандағы мұнай және газ конденсатын өндірудің жалпы көлемінің 28%-ын және табиғи және ілеспе газдың 16%-ын өндіреді, мұнайды магистральдық мұнай құбыры желісімен тасымалдаудың 65%-ын, Ақтау портынан танкерлермен мұнай тасымалдаудың 77%-ын, сондай-ақ магистральдық газ құбыры желісі арқылы табиғи газ тасымалдаудың 95%-ын қамтамасыз етеді, мұнай өнімдерін 17% бөлшек нарық үлесімен қазақстандық мұнайдың 82% өңдеуді жүзеге асырады.

Есептік кезеңдегі маңызды оқиғалар

2018 жылдың 1 тоқсаны ішінде Топ қызметінің нәтижелеріне әсерін тигізген маңызды оқиғалардың сипаттамасы:

2018 жылғы қаңтарда әлемдік депозитарлық қолхаттарды (ӘДҚ) сатып алу туралы ҚМГ БӨ тендерлік ұсынысы және миноритарийлерден Жай акцияларды сатып алуға арналған ҚМГ БӨ ұсынысы бойынша есептеу аяқталды. Нәтижесінде ҚМГ мен ҚМГ БӨ жалпы алғанда Жай акциялардың 99.5%-на (ӘДҚ берілген Жай акцияларды қоса алғанда) ие.

2018 жылғы қаңтар айында "Union Field Group Ltd" компаниясының (Британ Виргинскалдары) "ҚМГҮстірт" ЖШС Жарғы капиталындағы қатысу үлесінің 50% сатылды.

2018 жылғы қаңтар айында ҚМГ тобы ТШО, ММГ және КБМ-нің шикі мұнай мен сұйылтылған газды жеткізуге арналған шарты негізінде 250 млн. АҚШ долл. көлемінде қосымша алдын ала төлем алды.

2018 жылғы 03 қаңтарда КМТФ, «KMG Systems & Services» ЖШС мен «Кәсіби әскерлендірілген авариялық-құтқару қызметі» РМК арасында «Жамбыл Петролеум» ЖШС үшін ZT-2 бағалау ұңғымасының 1, 2 және 3-деңгейлі мұнайлардың авариялық төгілуін жою қызметтерін көрсету жөніндегі консорциумдық келісімге қол қойылды.

2018 жылғы 15 қаңтарда ҚМГ мен Қытай Ұлттық Мұнай-газ Корпорациясы екі мемлекеттің басшылары бұғна дейін қол қойған келісімді орындау шеңберінде екі жақты келіссөздер жүргізді. Кездесу қорытындысы бойынша Қытайға Қазақстан газын экспортауды жылына 10 млрд куб. м. дейін перспективалық арттыру жөніндегі уағдаластыққа қол жеткізілді.

КМТФ-тің ТШО-ны Болашақта Кеңейту жобасын іске асыруға қатысуы шеңберінде 2018 жылғы 16 қаңтарда Браила қаласындағы (Румыния) VARD кеме жасау зауытында MCV 854 «Sunka» кемесінің құрылысы аяқталды.

2. НЕГІЗГІ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАР

Компания қызметінің көрсеткіштеріне әсер ететін негізгі факторлар:

- шикі мұнайға және мұнай өңдеу өнімдеріне арналған бағаның ауытқуы және Компанияның мұнайды алдын ала сатуы;
- валюта бағамы өзгеруінің әсер етуі;
- мұнай және газ тасымалдарына арналған тарифтердегі өзгерістер;
- салық салу болып табылады.

Төменде Топ қызметіне әсерін тигізген 2018 жылдың 3 айына арналған макроэкономикалық көрсеткіштер келтірілген.

Атауы	Өлш. бірл.	2018 жылдың Зайына	2017 жылдың Зайына	Өзгерістер	
				абс	%
Кезең соңындағы инфляция (алдыңғы жылдың тиісті айына арналған ТБИ, %)	%	106,6	107,7	-1,1	-1%
Мұнайға арналған экспорттық кедендік баж	\$/тонна	61,8	48,9	12,9	26,3%
Айлық есептік көрсеткіш (АЕК)	теңге	2 405	2 269	136	5,9%
Жалақының ең төмен мөлшері (ЕТЖ)	теңге	28 284	24 459	3 825	15,6%

2.1. Мұнай мен мұнай өнімдеріне арналған нарық бағаларының өзгеруі

Халықаралық және Қазақстандық нарықтағы мұнай және мұнай өнімдерінің бағалары Компания қызметінің нәтижелеріне айтарлықтай әсерін тигізеді.

Дүниежүзілік мұнайға арналған бағалардың өзгеруі (АҚШ долл./барр.)	2018 жылдың Зайына	2017 жылдың Зайына	Δ, %
Brent мұнайы	66,83	53,69	24%
Urals мұнайы	65,22	52,52	24%

Дереккөз: PLATT'S

Жалпы алғанда, шикізатқа арналған бағалардың өзгеруі Компанияға тәуелді емес себептер қатарына байланысты және Компания басшылығы мұнай бағалары құбылмалылығының деңгейін болжай алмайды.

Халықаралық және Қазақстандық нарықтағы мұнай өнімдері бағалары динамикасының факторлар қатары арқылы анықталады, оның ішіндегі аса маңыздылары шикі мұнай бағасы, мұнай өнімдеріне сұраныс пен ұсыныстың ара салмағы, бәсекелестік, түпкілікті немесе аралық өңдеу өнімдеріне мұнай өңдейтін кәсіпорындардан өткізу нарықтарының қашықтығы, мұнай өнімдерін жеткізудегі маусымдық тапшылық, атап айтқанда қалалық аудандарда маусымдық ауыл шаруашылығы жұмыстарымен және осы жеткізулерді қалалық аудандардан ауыл шаруашылығы аудандарына қайта бөлумен байланысты маусымдық тапшылық болып табылады.

Мұнай өнімдеріне арналған орташа әлемдік бағалар	Өлш. бірл.	2018 жылдың Зайына	2017 жылдың Зайына	Δ, %
Мазут	АҚШ долл./тонна	571,53	482,66	18,4%
Нафта	АҚШ долл./тонна	361,92	309,60	16,9%
Авиотын (Jet fuel)	АҚШ долл./тонна	646,86	511,405	26,5%
Вакуумды газойль	АҚШ долл./тонна	482,72	377,72	27,8%
Пеш отыны (Gasoil 0,1)	АҚШ долл./тонна	584,32	476,67	22,6%

Дереккөз: PLATT'S

ҚР-да мұнай өнімдеріне арналған орташа бөлшек сауда бағалары	Өлш. бірл.	2018 жылдың Зайына	2017 жылдың Зайына	Δ, %
АИ-95/96 маркалы бензин	(теңге/литр)	179	152	12,89%
АИ-92/93 маркалы бензин	(теңге/литр)	160,19	139,25	13,61%
АИ-80 маркалы бензин	(теңге/литр)	89	89	0%

Дизель отыны	(теңге/литр)	161	129	22,50%
--------------	--------------	-----	-----	--------

2.2. Шетелвалютасы айырбас бағамының өзгеруі

Теңге бағамының АҚШ долларына қатынасы бойынша өзгеруі Компания қызметінің нәтижелеріне айтарлықтай әсер етті және Компания шығысының басым бөлігі теңгемен берілсе, шикі мұнай және мұнай өнімдерін сатудан түсетін Компания кірістерінің елеулі үлесі АҚШ долларында берілгендіктен, Компания қызметінің шоғырландырылған нәтижелеріне әсер етуін жалғастыратын сияқты. Сонымен бірге Компанияның қарыз алу және кредиторлық берешегінің басым бөлігі АҚШ долларында ірілендірілген.

	Кезеңдегі орташа бағам	Кезең соңындағы
Зайға, 2018 жылғы 31 наурызға (1,00 доллар үшін Қазақстандық теңге)	323,15318,31	
3 айға, 2017 жылғы 31 наурызға (1,00 доллар үшін Қазақстандық теңге)	322,31	313,73

Дереккөз: Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі

2.3. Мұнай және газ тасымалдарына арналған тарифтер

Мұнайды магистральдық құбыр желісімен тасымалдау

Қазақстанда мұнай өндірілетін өңірлердің көпшілігі мұнай және мұнай өнімдерін негізгі өткізу нарықтарынан қашық болғандықтан, мұнай компаниялары көлік инфрақұрылымының даму дәрежесіне, сондай-ақ оған қол жеткізу мүмкіндігіне тәуелді.

Топ «КазТрансОйл» АҚ-тың еншілес компаниясына тиесілі Қазақстандағы магистральдық құбыр желісі жүйесі бойынша экспортқа және ішкі нарыққа сатылатын шикі мұнайдың басым бөлігін тасымалдайды. Сонымен бірге, Топ Каспий құбыр желісі Консорциумы мұнай құбырындағы 20,75% көлеміндегі акционерлік капиталға ие, оның ішінде Компания - 19% және Қазақстан Пайплайн Венчурс ЖШК - 1,75%.

Магистральдық мұнай құбырлары арқылы шикі мұнай тасымалдауды «КазТрансОйл» АҚ және оның ЕББҰолардың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы №266 бұйрығымен бекітілген шарттың үлгілік нысанына сәйкес тұтынушылармен жасаған мұнай тасымалы бойынша көрсетілетін қызметтерге арналған шарттарға сәйкес жүргізеді. Аталған шарттарда тараптардың мұнай тасымалдау кезіндегі құқықтары мен міндеттемелері бекітілген. Топтың «КазТрансОйл» АҚ және оның ЕББҰ магистральдық мұнай құбырлары арқылы ішкі нарыққа және экспортқа мұнай тасымалдауы басқа өндірушілердің мұнайымен аралас жүзеге асырады.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында 2015 жылғы мамырда түзетулер қабылданғанда табиғи монополиялар салаларынан Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеу және Қазақстан Республикасының шегінен тыс экспорттау мақсатында мұнай тасымалдау жөніндегі қызметтер алынып тасталды. 2015 жылғы маусымда «КазТрансОйл» АҚ магистральдық құбыр желісі арқылы мұнайды айдау жөніндегі қызметтерге арналған келесі тарифтерді бекітті (№64 бұйрық):

- Қазақстан Республикасының шегінен тыс экспорттау мақсатында – 2015 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізе отырып, 1 тонна үшін 1000 км-ге 5 817,2 теңге (ҚҚС-сыз) мөлшерінде;
- Туймазы-Омск-Новосибирск-2 магистральдық құбыр желісінің Қазақстандық учаскесі бойынша Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеу мақсатында – 2015 жылғы 26 маусымнан бастап қолданысқа енгізе отырып, 1 тонна үшін 1000 км-ге 1 727,1 теңге (ҚҚС-сыз) мөлшерінде.

«КазТрансОйл» АҚ магистральдық құбыр желісі жүйесі арқылы Қазақстан Республикасының ішкі нарығына мұнайды айдау бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтерге 2015-2019 жылдарға арналған тарифтердің шекті деңгейлерін Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті 2015 жылғы 1 қазанда қолданысқа енгізумен келесі мөлшерде бекіткен (2015 жылғы 21 тамыздағы №347-ОД бұйрық):

- 2015 жылы – 1 тонна үшін 1000 км-ге 3 225,04 теңге (ҚҚС-сыз)
- 2016 жылы – 1 тонна үшін 1000 км-ге 3 547,46 теңге (ҚҚС-сыз)
- 2017 жылы – 1 тонна үшін 1000 км-ге 3 902,13 теңге (ҚҚС-сыз)
- 2018 жылы – 1 тонна үшін 1000 км-ге 4 292,40 теңге (ҚҚС-сыз)
- 2019 жылы – 1 тонна үшін 1000 км-ге 4 721,72 теңге (ҚҚС-сыз).

Газ тасымалдау

Магистральдық газ құбырлары және газ тарату жүйелері арқылы газ тасымалдауды «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобы жүзеге асырады. Газды магистральдық тасымалдауды «Интергаз Орталық Азия» АҚ, сондай-ақ «Азия газ құбыры» ЖШС, «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС бірлескен кәсіпорындары жүзеге асырады. Газ тарату құбырлары арқылы газ тасымалдауды «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ жүзеге асырады.

Газды халықаралық транзиттеу және экспорттау бойынша газ тасымалдауға арналған тарифтер

2015 жылғы мамырда Табиғи монополиялар туралы Заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес, экспортқа газды тасымалдау жөніндегі қызметтер мемлекеттік реттеуден шығарылған. Газды транзиттеуге және экспорттауға арналған тарифтер Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің бекітуісіз шарттық негізде белгіленеді.

Магистральдық және тарату газ құбырлары арқылы ішкі нарықта газ тасымалдауға арналған тарифтер

Ішкі нарықта газ тасымалдауға арналған тарифтерді Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен реттейді.

Қазақстан Республикасының тұтынушылар үшін магистральдық құбыр желісі арқылы тауарлық газ тасымалдауға арналған тарифтер келесі мөлшерде бекітілген:

- «Интергаз Орталық Азия» АҚ 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап – бір мың м3 үшін 2 212,7 теңге (ҚҚС-сыз);
- «Азия Газ құбыры» ЖШС 2016 жылғы 1 наурыздан бастап – бір мың м3 үшін 3 494,4 теңге (ҚҚС-сыз);
- «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС 2016 жылғы 1 наурыздан бастап – 18 071 теңге/мың м3 (ҚҚС-сыз).

2.4. Өңдеуге арналған тарифтер

2016 жылғы сәуір айынан бастап үш негізгі қазақстандық МӨЗ (АМӨЗ, ПМХЗ, ПКӨП) өз қызметін өңдеудің жаңа бизнес моделі бойынша жүзеге асыра бастады, оған сәйкес МӨЗ белгіленген тарифтер бойынша мұнай өңдеу жөніндегі қызметтерді ғана жүзеге асырады және алынған мұнай өнімдерін сатпайды. Бұл міндеттемелер дайын мұнай өнімдерін өз бетінше сататын мұнай жеткізушілерге жүктеледі. ҚМГ тобының тігінен біріктірілген құрылымының және өңдеудің жаңа бизнес моделінің арқасында ҚМГ барлық компаниялар тобының соңында операциялық тиімділігі артып, әр бизнес бағыт өзінің нақты мамандануына қарай топтала алады. Өз активтерін стратегиялық басқарушыдан операциялық басқарушыға өту арқылы ҚМГ трансформациялау шеңберінде өңдеу бизнес-моделі мұнай өңдеу зауыттарына өндірістік мәселелерге ғана назар аударуына көмектеседі, оның нәтижесінде өңдеу қызметі оңтайландырылып, шығындар қысқарады.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ҚР кәсіпкерлігі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 29 қазандағы № 376-V Заңға сәйкес, 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап өңдеу бағаларын мемлекеттік реттеу алынып тасталған, ол ҚР Энергетика министрлігінің мұнай өңдеуге арналған тарифтердің өзгеруін келісу процесін айтарлықтай жеңілдетті.

2018 жылғы 3 ай ішінде және өткен жылдың осыған ұқсас кезеңінің 3 айы ішінде қолданыста болған тарифтер төменде келтірілген:

Зауыттардың атауы	Өлш.бірл.	2018жылғы Зай	2017жылғы Зай
АМӨЗ	теңге/тонна	31 473	20 501
ПМХЗ	теңге/тонна	17 250	14 895
ПКӨП	теңге/тонна	16 301,71	11 54

2.5. Салық салу

Төменде берілген кестеде Топтың тиісті кезеңдерде қолданатын белгіленген салық мөлшерлемелері көрсетілген:

Салық	31.03.2018	31.03.2017	Өзг., %	Салық салынатын база
Корпоративтіккіріс салығы (ККС)	20%	20%	-	салық салынатын кіріс
Қосылған құн салығы (ҚҚС)	12%	12%	-	тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сату
Мүлік салығы	1,50%	1,50%	-	бухгалтерлік есеп деректері бойынша анықталатын, салық салынатын объектілердің орташа жылдық теңгерімдік құны

Салық	31.03.2018	31.03.2017	Өзг., %	Салық салынатын база
Жер салығы	ауыспалы шамасы, мөлшерлемесі жер учаскесінің тағайындалуына және сапасына байланысты болады	ауыспалы шамасы, мөлшерлемесі жер учаскесінің тағайындалуына және сапасына байланысты болады		жер телімінің ауданы
Қоршаған ортаға әмиссия шінтолем	ауыспалы шамасы, мөлшерлемесі әмиссиялар түрі небайланысты болады	ауыспалы шамасы, мөлшерлемесі әмиссиялар түрі небайланысты болады		қоршаған ортаға әмиссияның белгіленген нормалары шегіндегі және (немесе) одан тыс әмиссиялардың нақты көлемі
Экспортқа салынатын рента салығы, орташа мәні	0%-32% Мұнайдың әлемдік бағасына байланысты шкала бойынша	0%-32%		шикі мұнай және шикі мұнай өнімдерін экспорттау көлемі
Пайдалы қазбалардың өндіріс салығы (ПҚӨС), орташа мәні	0%-18%	0%-18%		өндірілген шикі мұнай, газ конденсаты және табиғи газ көлемінің құны
Үстеме табыс салығы (ҮТС)	0%-60%	0%-60%		таза кіріс
Шикі мұнай мен газ конденсатының акцизі	0 теңге/тонна	0 теңге/тонна		өндірілген, сатылған шикі мұнай және газ конденсатының көлемі

1 тонна үшін акциздер мөлшерлемесі (теңгеде) және баз						
	31.03.2018		31.03.2017		Өзг., %	Салық салынатын база
	Мұнай өнімдерінің акцизі	Бензин (авиациялықты қоспағанда) (ЕАЭО СЭҚ ТН коды 2710 12 411 0 - 2710 12590 0)	Дизель отыны (ЕАЭО СЭҚ ТН коды 2710 19310 0 - 2710 19 480 0)	Бензин (авиациялықты қоспағанда) (ЕАЭО СЭҚ ТН коды 2710 12 411 0 - 2710 12590 0)		
Өзіндік өндіріс бензинін (авиациялықты қоспағанда) және дизель отынын өндірушілерге көтермесаудасату	10 500	540	10 500	540	10 500	540
Бензинді (авиациялықты қоспағанда) және дизель отынын жеке және заңды тұлғаларға көтермесаудасату	-	-	-	-	-	-
Бензинді (авиациялықты қоспағанда) және дизель отынын өндірушілерге бөлшек саудада сату, меншікті өндірістік қажеттіліктеріне пайдалану	11 000	600	11 000	600		
Бензинді (авиациялықты қоспағанда) және дизель отынын жеке және заңды тұлғаларға бөлшек саудада сату, меншікті өндірістік қажеттіліктеріне пайдалану	500	60	500	60		
Импорт	4 500	540	4 500	540		
Салық кодексінің 279-бабы 5) тармақшасында көрсетілген, өңделме шикізатты қайта өңдеу өнімі болып табылатын акцизделетін тауарларды беру	10 500	540	10 500	540		
Шикі мұнайға арналған экспорттық баз	Мұнайдың әлемдік құнына тәуелді шкала бойынша		Мұнайдың әлемдік құнына тәуелді шкала бойынша			Экспорттау көлемі

Пайдалы қазбаларды өндіруге, мұнайды және мұнай өнімдерін экспорттауға рента салығының және экспорттық баждардың салық мөлшерлемелері мұнайдың әлемдік бағасына тәуелді және тиісінше өзгеріп отырады. Шикі мұнайды және газ конденсатын Қазақстан Республикасының ішкі нарығында оның ішінде пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салықты, экспорттың рента салығын төлеу есебінен табиғи нысанда сатқан және (немесе) тапсырған жағдайда, мемлекет атынан алушыға өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының роялтилері және үлесі не өзіндік өндірістік қажеттіліктерге қолданған жағдайда белгіленген мөлшерлемелерге 0,5 төмендеткіш коэффициенті қолданылады.

Табиғи газға пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық мөлшерлемесі 10 пайызды құрайды. Табиғи газ ішкі нарықта сатылған жағдайда пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық жылдық өндіру көлеміне байланысты мөлшерлемелер бойынша төленеді.

2016 жылғыақпанда Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі шикі мұнайға экспорттық кеден баждарының үдемелі шкаласын енгізді. Жаңа режим бойынша экспорттық кеден баждары Brent және Urals маркалы мұнайға мұнай шикізатының әлімдік нарықтарында орын алатын шикі мұнайдың орташа нарықтық бағасы бойынша есептеледі. Сондай-ақ 2016 жылғы 1 наурыздан бастап мазутқа арналған ЭКБ бір тонна үшін 30 АҚШ долларына дейін төмендетілді. Мұнай шкаласы бойынша—әлемдік баға баррель үшін 25 доллардан төмен болғанда ЭКБ мөлшерлемесі 0-ге тең болады, мұнайдың әлемдік бағасы баррель үшін 25 доллардан жоғары болғанда ЭКБ мөлшерлемесі шкалаға сәйкес анықталады.

Экспорттың рента салығы бір баррель үшін мұнайдың әлемдік бағасы 40 АҚШ долларынан асқан кездегі мөлшерлемелер шкаласы бойынша есептеледі.

3. ТОПТЫҢ ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕРІ

Операциялық нәтижелер Өндірістік көрсеткіштер	2018жылдың 3 айы	2017жылдың 3 айы	Δ, (+/-)	Δ, %
Бірлескенкәсіпорындардағыүлестіқосаалғанда, мұнайдыңжәнеконденсаттыңөндірілуі (мыңтонна)	5 862	5 761	102	2%
Бірлескенкәсіпорындардағыүлестіқосаалғанда, газдыңөндірілуі (млн. куб. м)	2 076	2 030	46	2%
БірлескенкәсіпорындардыңменшіктіМӨЗжәнеМХЗмұнайөңдеуі (мыңтонна)	4 657	4 093	564	14%
Магистральдыққұбыржелісіменмұнайдыңтасымалдануы (мыңтонна)	16 711	16 315	396	2%
Мұнайдыңжұқайналымы (млн.тонн*км)	11 491	11 386	105	1%
Теңізфлотыменмұнайдыңтасымалдануы (мыңтонна)	1 713	1 500	213	14%
Магистральдықгазқұбырларыменгаздыңтасымалдануы (млн.м3)	26 837	25 608	1 229	5%
Газтасымалыбойыншатауар-көлікжұмыстарыныңкөлемі (млрд.м3*км)	14 719	11 370	3 349	29%

3.1. Мұнай және конденсат өндіру

Мұнай және конденсат өндірудің шоғырландырылған көлемі (мың тонна)	2018жылдың 3 айы	2017жылдың 3 айы	Δ, (+/-)	Δ, %
	5 862	5 761	102	2%
«КазМұнайГаз» БарлауӨндіру (оныңішіндеҚазГӨЗ)	2 899	2 906	-6	0%
"Өзенмұнайгаз" АҚ	1 352	1 337	15	1%
"Ембімұнайгаз" АҚ	695	691	4	1%
"Қаражанбасмұнай" АҚ (50%)	265	261	4	1%
"Қазгермұнай" БК» ЖШС (50%)	337	346	-9	-3%
"ПетроҚазақстан Инк." АҚ (33%)	250	270	-20	-8%
Оныңішінде:"Қазгермұнай" БК» ЖШС(50%*33)	111	114	-3	-3%
"ПетроҚазақстанҚұмкөл Ресорсиз" АҚ (100%*33)	119	132	-13	-10%
"Торғай-Петролеум" АҚ (50%*33)	20	24	-4	-18%
Теңізшевройл (20%)	1 486	1 460	26	2%
Маңғыстаумұнайгаз (50%)	785	774	11	1%

Мұнай және конденсат өндірудің шоғырландырылған көлемі (мың тонна)	2018жылдың 3 айы	2017жылдың 3 айы	Δ, (+/-)	Δ, %
	5 862	5 761	102	2%
«ҚарашығанақПетролеумОперейтингб.в.»(10%) *	285	289	-4	-2%
Қазақойл-Ақтөбе (50%)	70	88	-18	-20%
Қазақтүрікмұнай	92	105	-13	-12%
ҚМГҚашағанБ.В. (50%)	237	132	105	79%
ҚазТрансГаз (Амангелді Газ)	6	6	0	-3%

Мұнай және конденсат өндірудің шоғырландырылған көлемі құрылымындағы елеулі үлес ҚМГ БӨ-ге тиесілі:2018 жылдың 3 айына 49,5% және 2017 жылдың 3 айына50,4% (ҚМГ БӨ-нің Қазгермұнайгаз, ССЕЛ және ПКИ-дегі пропорционал үлестерін қоса алғанда).

Есептік кезеңдегі мұнай және конденсат өндірудің шоғырландырылған көлемі 5 862 тыс. тоннаны құрады, ол өткен жылдың осыған ұқсас кезеңіндегі көлемнен102 мыңтоннаға артық, негізінде, Қашаған жобасының тұрақты деңгейге шығуы, зауыттардың сенімділігі мен тиімділігін арттыру есебінен ТШО өндіру көлемінің өсуі себеп болып отыр.Бұл өсім қорлардың табиғи таусылуы есебінен ПКИ және ҚМГ кен орындарында, газ жағуға арналған лимитке байланысты КОА кен орындарында ішінара тегістелген.

3.2. Газ өндіру

Топ бойынша есептік кезеңдегігаз (ілеспежәне табиғи) өндірудіңшоғырландырылғанкөлемі2 266млн. м3 құрады. 2017 жылдың осыған ұқсас кезеңімен салыстырғанда өндіру көлемінің артуы829млн. м3 немесе58% құрады.

Газ (ілеспе және табиғи) өндірудің шоғырландырылған көлемі,млн.м3	2018жылдың 3 айы	2017жылдың 3 айы	Δ, (+/-)	Δ, %
	2 076	2 030	46	2
«ҚазМұнайГаз» БарлауӨндіру (оныңішіндеҚазГӨЗ)	328	336	-8	-2%
"Өзенмұнайгаз" АҚ	146	157	-11	-7%
"Ембімұнайгаз" АҚ	52	48	4	9%
"Қаражанбасмұнай" АҚ (50%)	5	4	1	33%
"Қазгермұнай" БК» ЖШС (50%)	75	73	2	3%
"ПетроҚазақстан Инк." АҚ (33%)	50	54	-4	-8%
Оныңішінде: "Қазгермұнай" БК» ЖШС(50%*33)	25	24	1	3%
"ПетроҚазақстанҚұмкөл Ресорсиз" АҚ (100%*33)	23	28	-4	-16%
"Торғай-Петролеум" АҚ (50%*33)	2	2	0	-17%
Теңізшевройл (20%)	815	799	16	2%
Маңғыстаумұнайгаз (50%)	101	98	3	3%
«ҚарашығанақПетролеумОперейтингб.в.»(10%) *	499	500	-1	0%
Қазақойл-Ақтөбе (50%)	54	75	-22	-29%
Қазақтүрікмұнай	30	49	-19	-39%
ҚМГҚашағанБ.В. (50%)	138	77	61	79%
ҚазТрансГаз (Амангелді Газ)	111	95	16	16%

Өндіру көлемінің артуы негізіндеТШО жабдығының тұрақты әрі сенімді жұмыс істеуі және Қашаған жобасының тұрақты өндіру деңгейіне шығуы есебінен болып отыр, бұл ретте өткен жылдың осыған ұқсас кезеңі өндіруді жаңартудың басталуымен сипатталды.КТМ бойынша төмендеуге Шығыс Сазтөбе кен орындарындағы ұңғымаларда өндірудің шектелуі, газды кәдеге жарату проблемалары себеп болып отыр.

3.3. Магистральдық құбыр желісімен мұнай тасымалдау

Құбыр желілері бойынша Қазақстандық мұнайдың негізгі қолданыстағы экспорттық маршруттары:

- Атырау-Самара құбыр желісі («ҚазТрансОйл» АҚ - 100%);
- Атасу-Алашанькоу құбыр желісі («ҚазТрансОйл» АҚ - 50%);

- КаспийҚұбыр желісі Консорциумының құбыр желісі («КазМұнайГаз» ҰК АҚ - 20,75%)* болып табылады.

«КазТрансОйл» АҚмұнайды ішкі нарыққа, экспортқа тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсетеді, сондай-ақ мұнай транзиттеуді де жүзеге асырады.

Компаниялар бөлінісінде магистральдық құбыр желісі арқылымұнай тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі (мың тонна)	2018жылдың 3 айы	2017жылдың 3 айы	Δ, (+/-)	Δ, %
	16 711	16 315	396	2%
«КазТрансОйл» АҚ КО	11 138	11 170	-32	0%
"МұнайТас"Солтүстік-Батысқұбыржелісікомпаниясы» АҚ(51%)	472	513	-41	-8%
"Қазақстан-ҚытайҚұбыржелісі" ЖШС (50%)	1 999	1 932	67	3%
"Каспийқұбыр желісі консорциумы-К" АҚ (20.75%)	3 102	2 700	401	15%
Мұнайжұқайналымыныңкөлемі (млн.тн*км)	11 491	11 386	105	1%
«КазТрансОйл» АҚ КО	9 456	9 403	53	1%
"МұнайТас"Солтүстік-Батысқұбыржелісікомпаниясы» АҚ	186	204	-18	-9%
"Қазақстан-ҚытайҚұбыржелісі" ЖШС	1 849	1 779	70	4%

*топшылық операцияларды шегерусіз

«КТК-К»АҚ мұнай тасымалдау көлемінің өсуі жүк жөнелтушінің мұнайды тапсыру көлемінің артуы себеп болды. Объем транспортировки нефти по магистральным трубопроводам группы АО «КазТрансОйл» АҚ магистральдық құбыр желісі арқылы мұнай тасымалдау көлемі «КТК-К» АҚ жүйесіне және Атасу-Алашаньюкоуға мұнайды ауыстырып тиеу көлемінің төмендеуіне байланысты32мың тоннаға төмендеді. Снижение объемов транспортировки АО СЗТК «МұнайТас»СБҚЖК АҚ тасымалдау көлемінің төмендеуі ақтөбелік өңір мұнайын "Қазақстан-ҚытайҚұбыр желісі» ЖШС жүйесіне қайта бөлумен байланысты.

"Қазақстан-ҚытайҚұбыр желісі» ЖШС тасымалдау көлемінің өсуі жүк жөнелтушілердің мұнай тапсыруының артуына байланысты.

3.4. Мұнайды теңіз флотымен тасымалдау

Мұнайды теңіз арқылы тасымалдаудың негізгі қолданыстағы маршруттары:

- Каспий теңізінің акваторияларына баратын маршруттар.
- Қара теңіз және Жерорта теңізінің акваторияларына баратын маршруттар.

Бағыттар бөлінісінде мұнайды теңіз флотымен тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі (мың тонна)	2018 жылдың 3 айы	2017 жылдың 3 айы	Δ, (+/-)	Δ, %
	1 713	1 500	213	14%
Ақтау-Баку	0	84	-84	-100%
Ақтау-Махачкала	487	70	417	599%
Қара теңіз	325	720	-395	-55%
Жерорта теңізі	409	258	151	58%
Түркменбаши-Баку	0	83	-83	-100%
Махачкала-Баку	492	284	208	73%

*топшылық операцияларды шегерусіз

Өсім 2017 жылдың 1 тоқсанымен салыстырғанда 213 мың тоннаны немесе 14% құрады және оған негізінде «Ақтау-Махачкала» бағыты бойынша тасымал көлемнің өсуі себеп болып отыр. 2017 жылы қазақстандық мұнайдың«Транснефть»ЖАҚ қойған талаптарға сәйкес келмеуіне байланысты Ақтау портынан Махачкалаға мұнай тиелімінің айтарлықтай төмендегені байқалады. 2018 жылы қазақстандық жеткізушілермен 2 млн. тоннаға жуық ауыр сортты тиеу келісілді. Сондай-ақ өсім танкерлерді қайта бағдарлауға байланысты «Жерорта теңізі» және «Махачкала-Баку» бағыттары бойынша пайда болды.

Қара теңіз бойынша тасымалдау көлемінің төмендеуі ҚМГ Трейдингпен келісімшарт болмағандықтан КМТФ-тіңкөлденең тоннаж тарта алмауына, сондай-ақ Қара теңіз бассейніндегі қолайсыз метеожағдайларға байланысты.«Ақтау-Баку» бағыты бойынша өткен жылы жүк жөнелтушінің қосымша ресурстары болды.

3.5. Газ тасымалдау

Газ тасымалдау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады: газды халықаралық транзиттеу, газды экспортқа тасымалдау және газды ішкі тұтынушылар үшін тасымалдау.

Газ тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі (млн.куб.м)	2018 жылдың 3 айы	2017 жылдың 3 айы	Δ, (+/-)	Δ, %
	26 837	25 608	1 229	5%
Халықаралық транзит	14 173	15 145	-973	-6%
Газды экспортқа тасымалдау	5 627	4 021	1 606	40%
Газды ішкі тұтынушылар үшін тасымалдау	7 038	6 442	595	9%
Газ тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі (млн.куб.м)	26 837	25 608	1 229	5%
"Интергаз Орталық Азия" АҚ	18 943	19 102	-160	-1%
"ҚазТрансГаз-Аймақ" АҚ	811	742	69	9%
"Азия газ құбыры" ЖШС (50%)	5 938	5 023	914	18%
"Бейнеу – Шымкентгаз құбыры" ЖШС (50%)	1 145	740	405	55%

*топшылық операцияларды шегерусіз

Экспортқа газ тасымалдау көлемінің өсуіне өткен жылы сату болмағандықтан Қытайға газ сату, сондай-ақ Ресейге және Қырғызстанға сату көлемінің өсуі себеп болды.

Ішкі тұтынушылар үшін газ тасымалдау көлемінің өсуі климаттық жағдайлардың нашарлауына байланысты газ тұтыну көлемінің өсуіне байланысты. Бұл ретте халықаралық транзит көлемінің төмендеуі «Газпром» ЖАҚ газ ағынының өзгеруімен байланысты.

3.6. Көмірсутекті шикізатты өңдеу

